



**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Беларусь Республикасының
Әділет министрлігі арасындағы сот сараптамасы саласындағы ынтымақтастық туралы
келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1122

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Беларусь Республикасының
Әділет министрлігі арасындағы сот сараптамасы саласындағы ынтымақтастық туралы
келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен
Беларусь Республикасы Әділет министрлігінің арасындағы
сот сараптамасы саласындағы ынтымақтастық туралы
К Е Л І С І М

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
мен Беларусь Республикасының Әділет министрлігі
сот сараптамасы саласында байланыс жасауға ұмтыла отырып және қазіргі достық
қатынастары мен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту екі мемлекеттің ұлттық
мүдделеріне жауап береді деп есептей отырып,
құқық пен құқық қолдану тәжірибесі саласында ынтымақтастықты дамыту
жолымен қатынастарды бұдан әрі нығайту мақсатында
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар сот сараптамасының теориялық, құқықтық, ұйымдық және әдістемелік
проблемаларын әзірлеу, сараптамалық сақтандырулардың тиімділігі, сараптамалық

зерттеулердің жаңа әдістері мен әдістемелерін құру және қолданылып жүргендерін жетілдіру, сараптамалық практика тәжірибесімен алмасу саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асырған кезде Тараптар бір-бірімен тікелей, сондай-ақ "Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі мен _____ арқылы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3-бап

Тараптар өз құзыретіне жататын қызметтің мынадай бағыттарында сот сараптамасы саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады:

- сот сараптамасы проблемалары жөніндегі ғылыми жұмысты үйлестіру, әдістер мен әдістемелерді бірігіп әзірлеу;
- ақпараттық-анықтамалық қызмет саласында мәліметтермен алмасу;
- жаңа әдістер мен әдістемелер меңгеруге арналған бірлескен семинарлар, курстар өткізу;
- сараптамалық ғылыми кадрларды дайындау мен біліктілігін көтеру саласындағы ынтымақтастық;
- тағылымдамалардан өту үшін мамандармен алмасу;
- ғылыми талдамалар мен сараптамалық қорытындыларды рецензиялау;
- әдістемелік және ғылыми әдебиетпен алмасу;
- ғылыми және сараптамалық қызмет мәселелерінде бір-біріне ғылыми-әдістемелік және іс жүзінде көмек көрсету.

4-бап

Өзара уағдаластық бойынша Тараптар осы Келісімде көзделмеген, бірақ Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы сот сараптамасы саласындағы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК